

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Ы ы дыбысы мен әріпі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.05.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/72856/

|  |  |  |                        |
|--|--|--|------------------------|
| <b>МАД</b>                                 | <b>Тәрбиеші: Сахова Мадина Әлиқызы</b>   | <b>Уақыты:</b>                         | <b>Пәні: сауат ашу</b> |
| <b>Білім беру саласы</b>                   | Қатынас  |  |                        |
| <b>Бөлімі</b>                              | Сауат ашу және жазу  |  |                        |
| <b>Тақырыбы</b>                            | Ы дыбысы мен әріпі   |  |                        |
| <b>Сабақтың мақсаты:</b>                   | «Ы» дыбысы және әрпімен таныстыру. «С» дыбысы кездесетін сөздер айтқызып, буынға бөлуді, сәйлем құрауды, сөз ішінен «с» дыбысын табуды үйрету. |  |                        |
| <b>Көрнекіліктер:</b>                      | Ы дыбысына байланысты суреттер, кеспе әріптер.   |  |                        |
| <b>Іс-әрекет кезеңдері:</b>                | <b>Тәрбиеші әрекеті</b>  | <b>Балалардың іс-әрекеті</b>           |                        |
| <b>Психологиялық ахуалды қалыптастыру:</b> | <b>Жылулық шеңбері</b><br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз.<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлемдесіп аламыз.                             | Өлең шумағына сәйкес қимылдар жасайды. |                        |

|   |  |   |
|---|--|---|
| <p><b>Ұйымдастыру<br/>іздігіру<br/>Жаңа сабақ</b></p> | <p><b>Топқа бөлу.</b><br/><b>Өткен сабақты пысықтау.</b><br/>-Қазір қай сабақ?<br/>-Сауат ашу сабағында біз не үйренеміз?<br/>-Дыбыс дегеніміз не?<br/>-Әріп дегеніміз не?<br/>-Дыбыстар қаншаға бөлінеді?<br/>-Дауысты дыбыстар қалай айтылады?<br/>-Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?<br/>-Дауысты дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз?<br/>-Дауыссыз дыбыстарды қандай текшемен белгілейміз?<br/>«ЛОТО» ойыны арқылы өткен дыбыстарды қорытындылау.<br/><b>Жаңа тақырып</b><br/><b>Жұмбақ</b><br/>Кесе,шыны, пиала<br/>Оларсыз шай құя ма?<br/>Қасықсыз тамақ жемейміз,<br/>Бәрінің атын не дейміз? (ыдыс)<br/><b>Ы дыбысының әріп таңбасымен таныстыру.</b><br/><b>Ы» дыбысын әліппе-дәптерге жазу</b></p> <p><b>Суретпен жұмыс</b><br/>Ыдыс,мысық,қозы сөздеріндегі «ы»дыбысының орнын табу.Буынға бөлу.Сөйлем құрау.</p> <p><b>I топ «Ішіне-сыртына»әдісі.</b> Ы дыбысы кездесетін суреттерді шеңбер ішіне жапсыру.<br/><b>II топ</b> «Ы»дыбысы кездесетін сөздерді тауып жапсыру.<br/><b>III топ. «Сәйкестендіру»әдісі</b><br/>«Ы» дыбысына байланысты суреттер мен сөздерді сәйкестендіру.</p> <p><b>«Ы» дыбысын әліппе-дәптерге жазу.</b><br/>Дәптерімізді ашайық<br/>Салақтықтан қашайық<br/>Қолға қалам алайық<br/>Көркем етіп жазайық.<br/><b>Сергіту жаттығуы</b></p> <p><b>Жұптық жұмыс</b><br/>Жеміс ағашындағы буындарға сәйкес буынды тауып жаз.</p> | <p>III топқа бөлінеді.<br/>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>«Ы»дыбысына сөздер айтады.<br/>Сөйлем құрайды.<br/>Сөздерді буынға бөледі.<br/>«Ы» дыбысының айтылу ерекшелігін байқайды.</p> <p>-ыдыс<br/>-мысық<br/>-қозы</p> <p>«Ы» дыбысының айтылу ерекшелігін байқайды.<br/>Сұрақтарға жауап береді.<br/>«Ы»дыбысымен танысады.</p> <p>«Ы»дыбысын ауада жазады.<br/>Сөздердегі «Ы» дыбысының орнын табады.<br/>Буын,сөздерді оқиды.<br/>Өлең шумағын айтып,мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды.<br/>«Ы»дыбысын жазады.<br/>«Ы»дыбысы бар суреттерді тауып,жапсырады.<br/>Буындарды бір -бірімен сәйкестендіреді.<br/>«Ы»дыбысы бар сөздерді табады. Жеміс ағашындағы буындарға сәйкес буынды тауып жазады.</p> |
| <p><b>Сергіту сәті:</b></p>                           | <p><b>«Сұрақ-жауап»әдісі</b><br/>-Ы дыбысы қандай дыбыс?<br/>-Қандай текшемен белгілейміз?<br/>-Сөздің қай жерлерінде кездеседі?<br/><b>«Көліктер»</b>арқылы өткен сабаққа кері байланыс жасату.</p>   | <p>Сұрақтарға жауап береді.<br/><b>« Көліктер »</b> әдісі арқылы өткен сабаққа кері байланыс жасайды.</p>   |
| <p><b>Рефлексивті - түзетушілік</b></p>               | <p><b>Жылулық шеңбері</b><br/>Біз әдепті баламыз,<br/>Біз ерекше боламыз.<br/>Қонақтарды көргенде,<br/>Сәлемдесіп аламыз.</p>  | <p>Өлең шумағына сәйкес қимылдар жасайды.</p>   |
| <b>Күтілетін нәтиже</b>                               |  |   |
| <p><b>Білу</b></p>                                    | <p>Сөз ішінен«Ы»дыбысының орнын табуды,буынға бөлу,сөйлем құруды біледі.</p>   |   |
| <p><b>Өзіне үйренгені</b></p>                         | <p>«Ы»дыбысының сөздің басында,ортасында,соңында кездесетінін білді.</p>   |   |
| <p><b>Үйрену</b></p>                                  | <p>«Ы»дыбысының дауысты дыбыс екенін біледі.</p>   |   |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.